

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: **бөбекжай-балабақшасы «Дарын»**

Топ: **ортанғы «Еркетай»**

Балалардың жасы: 3 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 18.03 - 22.03.2024ж.

Педагогтың аты-жөні Курманбаева Ж.К.

<b>Апта құндері</b>	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<b>Жұма</b>
<b>Күн тәртібі</b>					
<b>Балаларды қабылдау</b>	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. ( <b>сөйлеуді дамыту</b> )				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа занды өкілдерімен кеңес, әнгімелесу</b>	Ата-аналармен "Отбасында баланы еңбекке тәрбиелеу" тақырыбында әнгімелесу, кеңестер беру.				
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b>	<p><b>"Еңбекке баулу"</b> Мақсат-міндеттер. Балаларға балалар еңбегін әнгімелеп беру; кезекшілерді өз істеріне дұрыс үйретіп, тостағанды тұтқасынан, наң салуға арналған ыдысты екі қолымен ұстауды т.б.. естеріне салып отыру.</p> <p><b>Иллюстрациялық суреттер қарастыру.</b> Мақсат-міндеттер. "Салт-дәстүрлер" тақырыбында</p>	<p><b>"Еңбекке баулу"</b> Мақсат-міндеттер. Өсімдіктерді суару, жемсалғышты, астауды, көгөністерді жуу; астауга су қюо.</p> <p><b>"Күн мен түн" қимыл-қозғалыс ойыны.</b> Мақсат-міндеттер: белгілер бойынша жылдам жүтіруді,</p>	<p><b>"Еңбекке баулу"</b> Мақсат-міндеттер. Топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезенің ернек тақтайын (подоконник) дымқыл шүберекпен сұрту.</p>		

	<p>илюстрациялық суреттерді қарастыру. <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p> <p><b>"Бет орамалға лайық жамауларды табу"</b> <b>диадактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттер: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. <b>(математика негіздері)</b></p>	<p>зейінді дамыту; дene мүшелерін нығайту. <b>(дene шынықтыру)</b></p> <p><b>Дамыту ойыны: "Айна".</b> Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін, есте сақтау қабілетін, сөйлеу және қозғалыс белсенділігін дамыту. Ойын барысы. Балалар шеңберге шығады. Санамақ көмегімен таңдалған бала шеңбердің ортасына орналасады. Қалғандары айтады:  <ul style="list-style-type: none"> <li>- Бірігеміз бәріміз, Бірімізден біріміз.</li> <li>Қайталаймыз, қалмаймыз, Ұйықтамаймыз, талмаймыз.</li> <li>- Асан (Аида, Мансұр) бізге көрсеттер.</li> </ul> Тағайындалған балалар шеңбердің ортасындағы бала әртүрлі қимылдарды көрсетеді, қалған балалар қайталайды.</p>	<p>еңбегіне деген қызығушылықты арттыру; ептілікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Құралдары: киізге ұқсас көрпелер, таяқтар, жіптер. Киіз басып аяқпен, Дөңгелентіп аламыз. Сабалаймыз таяқпен, Білектейміз, жаямыз. Г. Кужагулова. <b>(сөйлеуді дамыту, дene шынықтыру)</b></p>	
<b>Ертеңгілік жаттығу</b>	<p><b>Жалпы дамыту жаттығулары.</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс.</li> <li>1.1. Екі жаққа созылған қолдарды жоғары көтеру-қолдарды түсіру.</li> <li>2. Бастапқы қалып: қолды кеуде тұсында бүгіп ұстап, етпетімен жату.</li> <li>2.1. Қолдарын алға созып, қарағай бүршіктерін нұсқауышға көрсету; алға тік қарап, қарағай бүршіктерін иыққа қою. Денениң жоғарғы бөлігін қатты имеуге тырысу керек.</li> <li>3. Бастапқы қалып: қолды екі жанға қойып, шалқадан жату. Қол мен аяқты бір уақытта көтеру, қолды тобыққа тигізу.</li> <li>3.1 Бастапқы қалыпқа оралу.</li> <li>4. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс.</li> <li>4.1. Қарағай бүршіктерін ұстап, бір орында тұрып секіру. Бауу жүргу.</li> </ol>			

	(дене шынықтыру)			
Таңғы ас	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сұртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.</p> <p>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.</p> <p>Құралдар: сабын.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Нан қосып же тоясын, Тәбетің де оянсын. Тойып алған балақай, Асыр салып ойнасын.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>			
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p><b>Шаттық шенбер</b></p> <p>Балаларға жағымды эмоциялық ахуалды ұйымдастыру үшін бәсендегі дыбыста салмақты әуенжазбасын қосуға болады.</p> <p>Неткен сұлу көктем шақ! Көгалда өскен бақбақ. Сары тұс мұнда көп екен, Күннің көзі – нұр көктем.</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p>	<p><b>Шаттық шенбері</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Күнмен бірге тұрамыз , Күспен бірге ән саламыз Қайырлы таң! Ашық күн! Көңілді біз тұрамыз.</p> <p>Күлім қағып қолымды, 1,2,3 деп соғайын.</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p>	<p><b>Шаттық шенбері</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Дала ғұлғе оранады, Түрлі түске боянады, Нұрлы көктем келген кезде Табиғат та оянады.</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p>	

<b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Көктемгі демалыс.</b>  (сюжетті ойындар, үстел ұсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу)	<b>Көктемгі демалыс.</b>  (сюжетті ойындар, үстел ұсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу)	<b>Көктемгі демалыс.</b>  (сюжетті ойындар, үстел ұсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу)	
<b>2- таңғы ас</b>	Балаларға тاماқ ішер алдында қолды жуу, тамақтану кезінде дұрыс отыруларын қадағалау, ескерту жасау; орындыққа сүйенбей, шынтақты дұрыс қойып отыруларын қатаң қадағалау; тاماқ ішер алдында балалардың бір-біріне астын дәмді болуын тілеп; тамақтан соң алғыс айту. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет</b> )			
<b>Серуенге дайындық</b>	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылышын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылыштарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар</b> )			
<b>Серуен</b>	<b>Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары). (қоршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b>  Мақсат-міндеттер. Балаларды құстардың шиқылдаған дыбыстарын тындауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуге үрету. - Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіп тұрсындар ма? Үл нелердің дыбыстары шығады? Біреу "шиық-шиық" деген дыбыстарды шығарады. - Иә, үл құстар шиқылдайды. - Құстар ұқсан дыбыстайықшы.	<b>"Көшелер". (қоршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b>  Мақсаты: балалардың көше, жол туралы ойларын нақтылау және кенейту; жүк және жеңіл көліктер туралы; көшеде өзін-өзі ұстау ережелері туралы қарапайым білім беру, байқағыштықты дамыту. <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қоқыстарды жинау). (еңбек дағдылары)</b>  Мақсат-міндеттер: ұжыммен	<b>Қоғамдық өмір құбылыштарын бақылау: "Жүретін бөлік". (қоршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b>  Мақсат-міндеттер: балалардың байқағыштығын, ойлау қабілеттерін дамыту. <b>Шығармашылық тапсырмалар: "Кел, ойнайық, балақай!"</b>  Мақсат-міндеттер: пантомимикалық дағдыларды дамыту, эмоционалды көңіл-күйлерін көтеруге ықпал ету. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жоғары". (дене шынықтыру)</b>  Мақсат-міндеттер: физикалық	

<p><b>Жарайсыңдар!</b></p> <p><b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b> балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы тазалауға шақыру. (<b>еңбек дағдылары</b>)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машиқтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалықта баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.</p> <p><b>"Қаздар" қимылды ойыны.</b> (<b>дене шынықтыру</b>)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды көркем сөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естіген кезде, бір бағытта, бір-біріне соғылмай, жүгіруге үйрету; жүгіруде қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуға баулу.</p> <p>Педагог балаларға ойын шартын түсіндіреді: "Балалар, сендер қаз құстары боласыңдар. Мені мұқият тыңдандар. Сөздерді менің сонынан қайталауға болады. Мен</p>	<p>жұмыс істеу дағдыларын дамыту.</p> <p><b>Кимыл-қозғалыс ойындары:</b> "Ұстап ал", "Үшінші артық".</p> <p>Мақсат-міндеттер: ептілікті, жүгіру жылдамдығын дамыту. (<b>дене шынықтыру</b>)</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту,</b> допты лактыру және қағып алу.</p> <p>Мақсат-міндеттер: ептілікті, лактыру қимылын дамыту, салауатты өмір салтын қалыптастыру.</p> <p>(<b>дене шынықтыру</b>)</p>	<p>қасиеттерін, ептілігін, бұлышық ет, тыныс алу қимылдарын дамыту.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:</b> "Күш жет". (<b>дене шынықтыру</b>)</p> <p>Мақсат-міндеттер: жүгіру жылдамдығын, төзімділікті дамыту.</p>	
---	---	---	--

	<p>"бидай шаш" сөздерін айтқанда, маган қарай қолдарыңды былай жайып, бұлғап, барлығың жүгіресіндер.</p> <p>Педагог қаздардың қимылдарын балаларға біраз қайталатады.</p> <p>Балалар бір жаққа ауысып кеткенде, педагог алшақ қарама-қарсы жерге барып, ойынды тағы бір рет жүргізеді. Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек.</p> <p>- Қазым, қазым, қалқылда, Көлде жүзіп салқында. Жем шашайын - жейсің бе, Кәмпіт берші дейсің бе? - Жок, жок, Кәмпіт, тәтті болмайды ас, Арпа менен бидай шаш.</p> <p>С. Бегалин</p>		
Серуенниен оралу	<p>Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машиқтандыру. (<b>мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет</b>)</p>		
Түскі ас	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сұртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.</p> <p>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.</p> <p>Құралдар: сабын.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Нан қосып же тоясын,</p>		

	<p>Тәбетің де оянын. Тойып алған балақай, Асыр салып ойнасын. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>		
<b>Тұсқі ұйқы</b>	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлыш жағдай туғызу.		
<b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</b>	<p>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дene шынықтыру)</b></p>		
<b>Бесін ас</b>	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамактану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b>		
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қараша және басқалар)</b>	<p><b>Ұлттық ойын. Киіз үй</b> Ортаға арқалығына орамал ілінген төрт орындық қойылады. Балалар орындықты айнала жүгіріп, нұсқаушының дабылы бойынша «киіз үй» құрады: орамалдың бүршішінан ұстап жоғары көтереді. <b>(дene шынықтыру)</b></p>	<p>Балаларға тұсай кесу дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы қадамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру, дәстүрге байланысты балалармен ән айтту, би билету, жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту. <b>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b></p>	<p><b>Шаттық шенбері</b> Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелу. Күнмен бірге тұрамыз , Құспен бірге ән саламыз Қайырлы таң! Ашық күн! Көңілді біз тұрамыз. Күлім қағып қолымды, 1,2,3 деп соғайын. <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>
<b>Балалармен жеке</b>	<b>Саусақ жаттығуы. "Бесік</b>	<b>Бата. (мультифильмін көру)</b>	<b>Музықадан ойын жаттығу.</b>

жұмыс	<p><b>жыры" (халық аузынан)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың көркем сөзді айта отыра, саусақтарды кезегімен бүгіп қимылдай білу, ыргакты есту қабілетін, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; қуанышқа бөленуге баулу.</p> <p>Педагог алақанын ашып, қолын балаларға қаратып, көркем сөзді айта отырып, кезегімен саусақтарын бүгеді.</p> <p>Балалар жаттығудың үлгісін көргеннен кейін педагогке ілесіп қайта орындаиды, тақпақты жатқа айтуға тырысады.</p> <p><b>"Бесік жыры".</b></p> <p>Әлди, әлди, ақ бөпем, Ақ бесікке жат, бөпем. Жілік шағып берейін, Майын жесен, тоясын, Жылауынды қоясын.</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b></p>	<p>Ұзын күміс сақалы Ауылдың ақсақалы Бата берген мейірімді Жақсы көрем атана Шапқан жүйрік тайдай бол! Жүк көтерер нардай бол! Айналайын, таудай бол! Жарқыраған айдай бол! Терең түскен әжімі Кимешегі әдемі Бата берген мейірімді Жақсы көрем әжені Желбіреп тұлымшағын, Тілің балдай болсын! Тұлпар болып құлыншағың Бәйгелерден озсын! Бата деген ақ тілек Жолың ашық болсын деп Карттар бата береді Кол жайып тілек тілеп Колымызды жаяйық Бата бер деп сұрайық Азамат боп есейіп Таудай болып өсейік. <b>(сөйлеуді дамыту, музика)</b></p>	<p>"Наурыз көктем" Балалардың бесік жыры әнін тындаиды отырып, оның сипатын түсіне білу қабілетін арттыру; наурыз көктем туралы әнді үйретуде дыбысты есту қабілетін жетілдіру; бидің элементтерін есте сақтай отырып, музика әуенімен бірге орындаі білу дағдысын жетілдіру; топта өлең айта білуге үйрету; ойындардың ережесін сақтап ойнауға үйрету; қол, саусақ қимылдарын педагогтің көрсетуі бойынша қайталауға үйрету; тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындаі білуге үйрету; оркестрге деген қызығушылығын тудыру; Наурыз мерекесі туралы түсінік беру. Балалардың әнді тындаиды отырып, сипатын ажыратада білу және айта білу қабілетін дамыту; дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музика әуенімен бірге би ыргақтарын жасайды білу дағдысына жаттықтыру; аспаптар дыбыстарын ажыратада білу қабілеттерін қалыптастыру; топта өлең айта білуге үйрету;</p>	
-------	---	---	--	--

			<p>оыйндардың ережесін сақтап ойнауға үйрету; қол, саусақ құмылдарын педагогтің көрсетуі бойынша қайталауға үйрету; өлең айту кезінде тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындаі білуге үйрету. Балаларды ұлттық салт-дәстүрді сактай білу мәдениеті пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамы мен оқу қызыметіне белсенділіктерін арттыру.</p> <p><b>Сюжетті суреттер қарастыру.</b> Мақсат-міндеттер. "Қазақ халқы" тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру.</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</b></p>	
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызымет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.			
Серуен	Тұскі серуендердегі бақылауды жалғастыру. ( <b>коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет</b> )			
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машиқтандыру. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет</b> )			
Кешкі ас	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сұртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.</p> <p>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.</p> <p>Құралдар: сабын.</p>			

	<p><i>Көркем сөз</i>  Нан қосып же тоясын,  Тәбетің де оянсын.  Тойып алған балақай,  Асыр салып ойнасын.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғыру, кейіпкерлердің сөздерін қайталуа. (<b>коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет</b>)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (көктем мезгілі, ауа райы, көктем мерекелері, наурыз мерекесі, салт-дәстүр) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту.</p> <p>Балаларға тұсау кесу дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы қадамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру, дәстүрге байланысты балалармен ән айту, би билету, жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін менгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу ұлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.</p> <p>Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу.</p> <p>Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.</p> <p>Коршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас»), тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпактар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. (<b>музыка</b>)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталуа. Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.</p>

**Өнер бұрышында аңдардың бояу суреттерін бояту, ұлпақар мұсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мұсіндеу, сурет салу, құрастыру)**

Мақсат-міндеттер. Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мұсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мұсіндеу, оларды таяқшамен безендіру. Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту. Ұжымдық құрылыш жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыш бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылышпен бірге ойнату.

Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)

Танымдық дағдыларды қалыптастыруға арналған ойындар ұйымдастыру. (танымдық дағдылар, математика негіздері)

Балаларды геометриялық фигурандармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстай және көру тәсілдері арқылы аталған фигурандарды зерттеуге мүмкіндік беру.

<b>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</b>	Тәрбие шарттарын анықтау туралы ата-аналармен жеке әңгімелелесу.	Балалардың балабақшадағы оқу үлгерімі жайлы әңгімелесу.	Балалардың балабақшадағы тәртібі жайлы әңгімелесу.		
--	--	---	--	--	--